

Ақтөбе облысының әділет департаментінде 2017 жылғы 29 наурызда мемлекеттік тіркеу тізіліміне №5363 болып енгізілген

Ақтөбе қаласы

№120

2017 жылғы 03 наурыз

«Ақтөбе облысының (қаласының, ауданының) Құрметті азаматы» атағын берудің Қағидаларын бекіту туралы» облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №262 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 12-2) тармақшасына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Ақтөбе облысының (қаласының, ауданының) Құрметті азаматы» атағын берудің Қағидаларын бекіту туралы» облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №262 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3308 тіркелген, 2010 жылғы 19 қаңтарда «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Қағидалардың 11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Атақ жыл сайын облыс (қала, аудан) әкімінің ұсынысы бойынша тиісті мәслихатпен беріледі, алайда, облыс бойынша - бес, қала бойынша - үш және аудан бойынша - екі азаматтан аспауы керек.»

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А. САДЫҚОВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА